

МЕКТЕПТЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ПРАКТИКАҒА БАҒДАРЛЫ СҮЙЕМЕЛДЕУ

ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ ШКОЛЫ

Абдикалыков К., Жұмабек А.А.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДЫ ДАМУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТЕХНИКАЛАРЫ

Аннотация. Функционалдық сауаттылықтың құраушысы саналатын креативті ойлаудың Гилфорд тестімен тексерілетін дивергенттік және Медник тестімен тексерілетін конвергенттік ойлау тәсілдері қарастырылған. Креативті ойлауды қалыптастырудың тәуелді факторлары көрсетілген. Креативтілікті дамытудың бірнеше техникалары: Креативті жазу техникасы, Алекс Осборнның миға шабуылы, Тони Бьюзеннің ментальды картасы, шифрлау, суретпен кескіндеу, басқатырғыш пен ребустарды шешу, Г. Дэвистің тест-сұрақнамасы мысалдармен берілген.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, креативті ойлаудың түрлері, дивергенттік ойлау, конвергенттік ойлау, Гилфорд тестісі, Медник тестісі, креативті ойлауды қалыптастырудың тәуелді факторлары, креативтілікті дамытудың техникалары.

Қазіргі әлем толассыз өзгеріске ұшырауда, сол себепті ғылым мен технологияның жеделдете дамитындығы соншалық, ондағы жаңашылдыққа дер кезінде бейімделу қиындық туғызуда. Болашағы бұлыңғыр қоғамдық жаңғырулардан қалыспай, жоғары нәтижелерден үміттенген адам кез келген қиындыққа мойымай, инновацияны жылдам қабылдауға тиісті. Табысқа кенелуді жоспарлаған адам заманның бүгінгі талабына сай болғаны жөн: зияткерлік тұрғыдан көш бойы озық ойлы, ағылып келіп жатқан мол ақпаратты сұрыптап, шығармашылықпен қолдана алатын, оқығанын көңілге тоқып, практикада қолдануға қабілетті, өмірде кездесетін қиындықтарды ұтымды, әрі жаттанды емес тәсілдермен шешуді жүзеге асыратын тұлға сұранысқа ие болмақ.

Функционалдық сауаттылықтың құраушысы саналатын креативті ойлау өз қиял-арманын өмірде кездесуі мүмкін кез келген күрделі мәселелерді шешетін жаңа білімді қалыптастыруға, жаңашыл идеяларды жасақтап, одан әрі жетілдіру үшін қолдануға бейім адамның еншісі болары сөзсіз.

Креативтілікті ғылыми тұрғыдан зерделеу оның құбылыс ретінде әртектілігін, көпқырлылығын, теориялық және тәжірибелік бағыттарда санқилы түрде айқындалатынын мойындатады. «Креативтілік» ұғымы отандық және шетелдік зерттеулердің көптігіне қарамастан әлі күнге дейін нақты анықталды дей алмаймыз. Креативтілік қабілетті зерттеумен айналысып, оның феномендік кескінін айғақтағандардың қатарында Зигмунд Фрейд, К. Роджерс, Дж. Гилфорд, Э. Торренс, Р. Стернберг, Т. Амабайл, Я.А. Пономарев, Д.Б. Богоявленская, А.М. Матюшкин, С. Л. Рубинштейн, А. Маслоу, Б. М. Теплов, В.Ф. Вишнякова, Р. Мэй, Ф. Баррон, Д. Харрингтон және т.б. небір ғұламаларды атай аламыз [1].

Креативтілікті зерттеу екі бағытта жүргізілген, олардың айырмашылығына келсек:

1) креативтілік – әмбебап танымдық шығармашылық қабілет ретіндегі тұжырымдамаға негізделген. Оның Дж. Гилфорд, С. Тэйлор, Э. Торренс, А.Я. Пономарев, С. Медник сияқты өкілдері креативтілік, интеллект, когнитивті қабілеттер және шынайы жетістіктер арасындағы өзара байланысты зерттеді. Олардың еңбектері зияткерлік танымдық сипаттамалардың жана идеяларды қорытып шығару қабілетіне әсерімен байланысты болатын.

2) креативтілік – креативтің жеке ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылды. Бұл бағыттың өкілдері Ф. Баррон, А. Маслоу, Д.Б. Богоявленская жүргізген тәжірибелік зерттеулер «шығармашыл тұлғаның бейнесін» жасақтауға, оларға тән сипаттамаларды айқындауға, креативтіліктің тұлғалық, мотивациялық және әлеуметтік-мәдени сұлбасын анықтауға арналды.

Креативті ойлаудың көптеген тәсілдерінің ішінен оның екі түрі ерекшеленеді:

а) дивергенттік ойлау – бір мәселенің бірнеше шешімдерін ойластыруға қабілеттілікті анықтайды. Дивергенттік ойлауды тексеретін Гилфорд тестісінің мәні – кез келген затты таңдап

алып, оны қолданудың неғұрлым көп тәсілдерін ойластыру. Мысалға, кока-кола сусыны қойдың ток шегін тазалаудан бастап металл бетіндегі коррозияны кетіруге дейін қолданылады.

ә) конвергенттік ойлау – ұсынылатын шешімдердің ішінен ең тиімді тәсілді тандап алуға қабілеттілікті көрсетеді [2].

Конвергенттік ойлауды тексеретін Медник тестісінің мәні – ойға түскен үш сөздің әрқайсысына үйлесімді болатын төртінші сөзді іздеп табу. Мысалға, «бала», «табиғат», «ана тілі». Жауап ретінде «аялау» немесе «қорғау» сөзін алуға болады – «баланы қорғау», «табиғатты қорғау», «ана тілін қорғау». Креативті ойлауды дамыту үшін мүмкіндігінше көбірек айшықты және бірегей сөздерді ойластыруға тырысқан жөн.

Креативті ойлауды қалыптастырудың қиындығы оның көптеген факторларға тәуелділігінде:

- 1) отбасында алған тәрбиеге;
- 2) балалық шағының қалай өткендігіне;
- 3) қоғамда қалыптасқан хал-ахуалға;
- 4) отбасындағы жандардың өзара қарым-қатынасына;
- 5) қоршаған ортадағы басқа да тұрмыс-тіршілікке.

Адамдардың әрқайсысының өзіндік жеке бастық ерекшеліктерінің болатындығына орай әрбір баланың креативтік қабілеті де өзіне ғана тән. Педагогикалық әдістің жақсы-жаманы болмайтындығы сияқты, тек әрбір адамға қатысты жеке тұлғаға бағдарланған ұстанымның болуы керектігін ескереміз. Балаға көптеген әдістердің сәйкес келетінін тандап алу, бірнеше мәрте қолдану арқылы бейімділік пен дағдыға қол жеткізу педагогтың шеберлігіне байланысты [3].

Күнделікті өмірде жиі қолданылатын креативтілікті дамытудың бірнеше техникаларымен танысайық.

1. Креативті жазу техникасы – баланың креативті ойлауын қалыптастыруға қиялдау, көзге елестету, армандау қолданылатын техникада ұсынылатын тапсырмалардың сипаты:

- а) берілген мәтінде баяндалатын оқиғаның, іс-әрекеттің өтетін орнын өзгерту;
- ә) әдеби шығарманың (әңгіменің, ертегінің, аңыздың және т.б.) бастамасын немесе аяқталуын қайта жазып шығу;
- б) кітаптағы басты кейіпкердің жеке басының қасиеттерін (мінез-құлқын, іс-әрекетін) түрлендіру [4].

Бала қатып қалған қағидаға, үйреншікті әдеттерге басқаша, тың көзбен, жаңаша қарайды және оқиғаның әрі қарай өрбуі мүмкін нұсқаларды ойластырады.

2. Алекс Осборнның миға шабуылы – уақытқа қатысты идеяның тыңнан жасақтала ұсынылуы мен оның сынға ұшырауына негізделген қағидамен түсіндіріледі. Жарыссөзге қатысушы әрбір оқушы идеясын ұсынса, басқалар оны одан әрі дамытуға күш салады, ал жинақталған шешімдерді талқылап талдау кейінірек өткізіледі. Кейде миға шабуылдың «мылқау» нұсқасын – брейнрайтингіні де қолдануға болады. Өз пікірін жазбаша беруге тырыскандар оны басқаларға ұсынып, олардың танысуына мүмкіндік береді, олар өз кезегінде оны жаңа ғана ойға келген идеялармен толықтырады.

3. Тони Бьюзеннің ментальды картасы – креативтіліктің жадымен байланыстылығына орай еске сақтауды дамыту үшін креативті процесстердің сапалы болуы керектігіне негізделген. Дегенмен жазудың дәстүрлі жүйесіндегі тақырып пен мәтінді жаңа жолдан бастау еске сақтауға кері әсер етеді. Қағаз парағының дәл ортасына жазылған түйінді ұғымнан одан жан-жаққа бұтақтай тарамдалған барлық ассоциациялар жадыда қалуға лайықты сөздерден құралады. Ойларды графикалық сипатта бекіту үшін картаға суретпен бейнелеу процесі жаңа ассоциациялардың пайда болуына жетелейді, ал жайқала өскен бәйтеректің бейнесі есте ұзақ уақыт сақталатындығына күмән болмайды.

4. Шифрлау – басқа белгісіз тілдегі түсініксіз жазуды – мысалға, иероглифтарды бейнелейміз. Оны көрген адамның ойы сан-саққа жүгіріп, әрқилы ассоциациялардың туындауына себеп болады. Жекеше немесе топтық жұмыста қолданылатын басқа да техникалардың жаттығулары ойлау қарекетінің қайта құрылымдалуына септігі тиеді. Ондай жаттығулардың жаңа түрлері адам өзі сезіне бермейтін ағза қатпарларын жұмсартуға мүмкіндік береді [5].

5. Суретпен кескіндеу – креативті ойланғанда сөзден бейнеге өту іс-әрекетпен жалғасын табады және кері бағытта қайта оралады. Түсінікті визуалдау үшін суретті кескіндемеге жүгінуді қажетсінеміз. Оқушыларға әдеби мәтінге сәйкес немесе абстрактілік ұғымның мотиві бойынша сурет салу ұсынылады. Мақал-мәтелдің суретін салу немесе керісінше сурет арқылы мақал-мәтелді табу тәсілімен оқу, сөйлесу және ойдан шығаруға әрекет жасалады.

«Әдебиеттік оқу» пәні сабағында креативті ойлау қолда бар ақпараттың (мәтін немесе суретті кескін) көмегімен жаңа идеяларды ойлап таба білумен тікелей байланысты. Оқушылар шығармашылық жұмыс орындау барысында, мысалға, өздеріне ұнаған мәтіннің (әңгіме, ертегі, аңыз)

жалғасын немесе баламалы аяқталуын құрастырады. Топтағы барлық оқушылардың бастан кешкен тарихын жинақтап, тұтас жинақ та құрастыруға болады. Мәтіндік шығарманы зерделеу барысында кейіпкердің неліктен осындай әрекетке барғанын талдап, көпшіліктің пікірін білеміз. Оқиғаның кенеттен басқа бағытта өрбуімен танысу кезінде біршама үзіліс жасалады: бұл мазмұнның одан әрі қарай қалайша дамитындығына болжау жасауға және балалардың қалауы бойынша оқиғаның қалайша өтуі керектігін талқылауға қажет. Бұлайша талдау оқушылардың арман-қиялға берілуіне, шығармашылық белсенділігін дамытуға ынталандырады [6].

6. Басқатырғыш пен ребустарды шешу – «егер ... болғанда ... » өрнегімен сипатталатын жаттығулар жалғыз «дұрыс шешіммен» шектелмеуге, үйреншікті аумақтан шығуға мүмкіндік береді. Ой жұмысын ынталандыруға бағытталған тақырыпты талқылау барысында оқушыларды қиындықпен жалғыз қалдырмауды ойластыруға тиісті педагог оның сәтсіздікке ұшырамауы үшін барынша қолдау жасауға тырысуы керек. Ұсынылатын сұрақтардың мысалдары:

- егер жыл мезгілдерінің кейбіреуі болмаса не болар еді?
- мектепке бармай білім алуға болар ма еді?
- оқу білмейтін адам қандай мамандықты меңгеруі мүмкін?
- ішетін таза су таусылып қалса не болады?
- басқа ғаламшарда өмір сүруге бола ма?

7. Г.Дэвистің тест-сұрақнамасы. Тест жауабына сәйкес мазмұнның қазақи дүниетанымдық мағынасын да бере кетейік (1-кесте).

1-кесте. Г.Дэвистің тест-сұрақнамасы

№	Сұрақтардың мазмұны	Дұрыс жауаптың мән-мағынасы	Сұрақтың қазақи ұғымы
1	Мен ойымша, мен ұқыптымын	тәртіпке, жинақылыққа қарым-қатынас	Тәртіпсіз ел болмас, тәртіпке бағынған құл болмас (Б. Момышұлы). Әр істің өнуіне үш нәрсе керек: ниет, күш-қайрат, тәртіп (М. Әуезов)
2	Мені басқалардың қандай жұмыспен айналысып жатқандығы қызықтырады	қоршаған әлемге қызығушылық таныту	Саясатпен сен айналыспасаң да саясат бәрібір сенімен айналысады (азаматтық ұстаным – қоғам алдындағы жауапкершілік). Менің үйім ауыл шетінде (украин мәтелі)
3	Мен бейтаныс жаңа жерлерге ата-анаммен бірге (жалғыз емес) барғанды ұнатамын	тәуекелге, күтпеген әрекетке дайындық	«Әкенің баласы болмай, елдің баласы болу» ата-ана қамқорлығын көксемей, кез келген қиындыққа мойымай, дербестік таныту
4	Мен қандай да бір салада баршаның алды болғым келеді	өзін ерекше көрсетуге ниет	Мақтан құмарлықтан ада болу, қайталанбас табиғи жеке басының асыл қасиетімен танылу – құптарлық, игі шара. «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық»
5	Өзімдегі тәттілерді ешкіммен бөліспеуді қалаймын	альтруизм немесе эгоизм	«Өле жегенше бөле же» – қазақ мақалы
6	Мен өзім жасаған дүниенің үздік болма-ғанына қынжыламын	өз ісіне қанағаттанбау	Өзінің іс-әрекетіне риза болу – жаманның «болдым-толдым» дегені. Біткен іске сыншы көп
7	Мен айналамдағы барлық оқиғаларды қалай өтетінін, себебін түсінгім келеді	білуге құмартушылық	Дүниетанымды дамытуға ұмтылыс – естілердің әрекеті. Өзің жасаған тірлігіңе әр уақытта талдау жасап, есеп беріп үйрен
8	Балалық шақта мен құрбыластарымды үйіріп әкете	әңгімешілдік	Бастамашылдыққа бастар асыл қасиет жақсы ниетке бағытталғаны жөн
1-кестенің жалғасы			
	алмайтынмын		
9	Мен кейде өзімді балаша сезінем	дербестік	Күнәден пәк періште болу бар да, жауапкершіліктен жұрдай сайқал «аңғалдық» та бар
10	Менің жасамақшы ісімді ешкім қойғызса алмайды	бастама, күш-жігер	Қолыңнан келмейтін іске барма, бастаған екенсің, соңына дейін жеткізгейсің. «Көз қорқақ, қол батыр»
11	Мен басқалармен бірлесе жұмыс жасағанды ұнатамын, жалғыз жұмыс жасауға дағдыланбағанмын	жекешіл немесе ұжымшыл (интроверт не экстраверт)	«Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас», «Көппен көрген ұлы той», «Көп түкірсе көл», «Саусақ бірікпей, ине ілінбейді»

12	Мен бірдеңені тамаша жасай алатындығыма сенімдімін	өзіндік бағалау	Бейімділігің мен қабілетіңе сай мамандық таңдасаң, сүйген ісінде тамаша жетістіктерге жетерсің
13	Мен өзімнің дұрыс екеніме сенімді болғаныммен, егер басқалар келіспесе пікірімді өзгертуге тырысамын	басқаларға тәуелділіктің деңгейі	«Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Келісіп тіккен тон келте болмас», «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп»
14	Мен қателескенде мазасызданып, іштей күйінем	Қателесу қорқынысы	«Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмас», «Ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді», «Ақылды басқаның қателігінен сабақ алады, ақымақ өзінің сәтсіздігінен де үйренбейді», «Өзі білмеген өзгенің тілін алмас»
15	Менің жиі ішім пысып кетеді	қызығушылықтың болу деңгейі	«Қолы бостық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» (Абай). «Ерінгеннің ертеңі таусылмас». «Еңбек ер атандырады»
16	Мен есейгенде әйгілі болам	өмірлік ұстаным	«Жігітке жеті өнер де аз». Өнеріңмен, білім-ғылыммен, спортпен әлемге ұлтыңды танытсаң – нағыз ерсің! Атыңды шығару үшін жер өртемесең болғаны
17	Әдемі заттарды көргенді ұнатам	әсемдікті сезіну	Әсемдікті сезіну біліммен келетін талғамды қалыптастырады. «Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра», «Көргеннен көзақы алынбайды»
18	Мен бейтаныс жаңадан гөрі таныс ойындарды ойнаймын	жаңашылдыққа ұмтылыс деңгейі	Жақсының көпшілігі жақсы ұмытылған ескілер, жаңаны көрмек – ләзім.
19	Мен егер әрекет жасасам, оның арты не болатынын ойластыруды ұнатамын	рефлексия, талдау жасауға қабілеттілік	«Үш жылын ерте ойластырмаған еркек, үш күнін ойламаған әйелден жаман», «Бүгін істеуге болатын шаруаны ертеңге қалдырма», «Жеті рет өлшеп, бір рет кес»
20	Мен ойнағам кезде тәуекел етпеуге тырысамын	шектен тыс құмарлық пен бақылдықтың деңгейі	«Тәуекел деген жел-қайық, мінесің де өтесің» дегенде терең зерттелген мәселеге қатысты басты бәйгеге тігеді. «Өрнәрсенің шегі бар, шегінен шықса арты жаман болмақ» (Абай)
21	Мен теледидар көргенді ұнатам, оның құрылымы мені қызықтырмайды	зерттеушілік белсенділікке қатынас	«Ізденген жетер мұратқа, ізденбеген қалар ұятқа», «Талапты ерге нұр жауар»

Сұрақнамадағы пікірге келіскенге(+1), келіспегенге (-1) балл қойылып, жалпы қорытындысы есептеледі. Креативтіліктің деңгейі 15 және одан жоғары балл деңгейінде болса, онда жауап берушінің шығармашылық қабілетінің жеткілікті екендігіне тұжырым жасалады. Бұл әлі іске асырылмаған, «қалғыған» қабілет екендігін ескеріңіз [1].

Креативті ойлауды дамытуға бағытталған көптеген жаттығулардың немесе зияткерлік ойындардың негізгі мақсат-міндеті – ойлаудың әдеттегі үйреншікті, таптаурын тәсілдерінен бас тартып, тың идеяларды ойластыру және оларды салыстыра бағалау арқылы ең пайдалысын сұрыптап алу.

Әдебиеттер:

1. Формирование функциональной грамотности обучающихся как механизм повышения качества образования и конкурентоспособности системы образования. Под общей редакцией ТхаговойФ.Р.–Майкоп: АРИПК, 2022. –183с.
2. Библер В.С. Мышление как творчество. – М.,1975.
3. Величковский В. М. Современная когнитивная психология. –М.: Изд-во МГУ, 2002. – 336 с.
4. Дьяченко О.М., Кириллова А.И. О некоторых особенностях развития воображения // Вопросы психологии. – М.,1980. – №2. – С. 104-108.
5. Лурия А.Р. Внимание и память.– М., 1975.
6. Психологическое тестирование: В 2 кн. Кн. 2. – М., 1982.